«Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрлігі
Су ресурстарын реттеу, қорғау және
пайдалану комитетінің
Су ресурстарын реттеу, қорғау және
пайдалану жөніндегі
Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

050016 , Алматы қ, Абылайхан данғылы, 2
тел/факс: 8(727) 279-26-05, тел: 279-29-40, 279-29-44

Республиканское государственное учреждение
«Балхаш-Алакольская бассейновая
инспекция по регулированию, охране и
использованию водных ресурсов
Комитета по регулированию, охране и
использованию водных ресурсов
Министерства водных ресурсов и ирригации
Республики Казахстан»

050016 г.Алматы, проспект Абылайхана, 2
тел/факс: 8(727) 279-26-05, тел: 279-29-40, 279-29-44

15.11.2024 г. №18-10-03/4383

«Приозерск қаласының
жер қатынастары, сәулет және
қала құрылысы бөлімі» ММ-нің
Бөлім басшысы, С. Бұқпантаевқа

«Сіздің 21.10.2024 жылғы
№ 4-7/433 шығыс хатыңызға»

Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы РМК «бұдан әрі-Инспекция», Сіздің Приозерск қаласы, Дружба народов көшесі мекенжайында орналасқан, мақсатты пайдалануы «демалыс аймағының құрылысын салу үшін», көлемі 0,1600 га жер учаскесінің схемасына келісім беруді сұраған хатыңызды қарастыра келе, төмендегіні хабарлайды.

Ұсынылған ахуалдық сызбаға сәйкес, нысаналы мақсаты: демалыс аймағының құрылысын салу үшін қарастырылып отырған жалпы ауданы – 0,1600 га жер учаскесі Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Дружба народов көшесі мекенжайында, Балқаш көлінің су қорғау белдеуінен тыс (су қорғау аймағында) орналасқан.

Қарағанды облысы әкімдігінің 15.03.2011ж. № 09/10 «Қарағанды облысының шекарасындағы Балқаш көлінің солтүстік бөлігінде, «Қазақмыс Корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Балқашцветмет» Өндірістік Қоғамының профилакториясы орналасқан Балқаш көлінің жағалау учаскесі мен Тоқырау өзені үшін, су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы» қаулысына сәйкес, Балқаш көлінің *(су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы БЖ 342,0 метр таңбаланудағы су қиылысында қабылданады)* су қорғау белдеуінің ұзындығы 35-100м, су қорғау аймағы - 500-2300 м құрайды.

Қазақстан Республикасы Су кодексіне сәйкес, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Дружба народов көшесі мекенжайында, Балқаш көлінің су қорғау аймағында орналасқан ауданы - 0,1600 га метр жер учаскесінде

демалыс аймағының құрылысын салу төмендегі су заңнамасының талаптарын орындаған жағдайда қайшы келмейді:

- жер телімдерінің жиегін экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сай ұдайы таза ұстау;

- су қорғау аймағында су сапасына зиян келтіретін химиялық улы заттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық, өнеркәсіп және құрылыс қалдықтарын төгетін құрылғыларды, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, сондай-ақ тағы басқа сол сияқты объектілерді орналастырмау;

- жер үсті су көздеріне тұрмыстық қалдықтарды және жауын-шашын суларын тастамау;

- жер асты немесе жер үсті суларын пайдаланған жағдайда БАБИ-дан арнайы су пайдалануға рұқсат рәсімдеу;

- жер телімін өз мақсатында және шекара шегінде пайдалану;

- су қорының жерін заңсыз иелік етпеу.

Сонымен қатар, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылысжайларды орналастыруды және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын келісу бекітілген Қағидаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызметке жататынын қосымша хабарлаймыз.

Сол себепті, «Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар мен басқа да құрылысжайларды орналастыруды, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 01 қыркүйектегі № 380 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 18 маусымдағы № 148 бұйрығына сәйкес, нысан бойынша өтінішті толтырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесін ұсыну қажет.

Егер де Сіз осы жауаппен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік – процестік кодексінің 91 бабына сәйкес, жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе сотқа шағымдануыңызға құқылысыз.

Басшы С. Мейрамбеков

Жакипбекова С.С.
2792944